

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 306 қаулысы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69, 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы аумағында орналасқан жалпы алаңы 102,8598 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "Prima group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жер қойнауын геологиялық зерттеу үшін 2024 жылдың 21 шілдесіне дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шалқар ауданының әкімі

Ж. Жидеханов